

'АЛЛАТРА' президенті Рим Папасы Францискпен бірге климаттың өзгеруінің мәселелерін талқылады

Рим Папасы АЛЛАТРА президентін Ватиканда аудиенцияда қабылдады

Қазақстан, July 1, 2024

/EINPresswire.com/ -- Папа Франциск Ватикандағы Апостольдық сарайда жеке аудиенцияда әр түрлі елдердің және түрлі ғылым салаларының ғалымдары мен эксперттерін қабылдады. Шақырылған қонақтар халықаралық «Генеративті жасанды интеллект және технократтық парадигма: адам игілігіне қалай әсер етуге болады, табиғатты қорғау және барлық әлемдегі бейбітшілік» атты конференцияның қатысушылары болды. Конференция Қасиетті Тақтың мемлекеттік хатшысы және оның құрметті төрайымы Анна Мария Тарантрола басқаратын Centesimus Annus Pro Pontifice (CAPP) фондымен ұйымдастырылған.

Шақырылған қонақтардың арасында ұлттық қауіпсіздік жөніндегі сарапшы, Вашингтондағы «[АЛЛАТРА](#)» халықаралық қоғамдық қозғалысының үкімет істері жөніндегі кеңесшісі (және CAPP Қорының мүшесі) Эгон Чолакян, сондай-ақ «АЛЛАТРА» халықаралық қоғамдық қозғалысының президенті Марина Овцынова болды.



Папа Франциск пен «АЛЛАТРА» президенті Марина Овцынова. Фото: Vatican Media



Папа Франциск конференция қатысушылары: CAPP төрайымы Анна Мария Тарантоламен, ұлттық қауіпсіздік жөніндегі сарапшы А. Эгон Чолакянмен және «АЛЛАТРА» президенті Марина Овцыновамен. Фото: Vatican Media

Ватикандағы аудиенция кезінде «АЛЛАТРА» президенті Рим Папасы Франциске «Жердегі климаттық апаттардың үдеуі және олардың апатты салдары туралы» [климаттық докладын](#) ұсынды. Жеке әңгімесінде ол климаттың өзгеру мәселесін жаһандық проблема ретінде көтеріп, бұл проблема адамзат үшін ең өзекті мәселелердің бірі екенін атап өтті.



Папа Франциск және «АЛЛАТРА» президенті Марина Овцынова. Фото: Vatican Media

Әңгімелесу барысында Рим Папасы Франциск мұқият тыңдап, «АЛЛАТРА» халықаралық қоғамдық қозғалысына ризашылықпен батасын берді. Іс-

шарадан кейін осындай «АЛЛАТРА» ұйымы үшін айтулы күнде «АЛЛАТРА» президенті Марина Овцынова Қасиетті Тақтан және Папа Францисктен бата алды.

Қазақстанда климаттық дағдарыстан шығуда бірігудің маңыздылығы мен алдағы төніп тұрған табиғи апаттар туралы адамдарды үздіксіз ақпараттандырып, еңбек етіп жүрген көптеген «АЛЛАТРА» еріктілерінің бар екенін атап өткіміз келеді.

Халықаралық конференцияда өркениет болашағын қалыптастыратын технологиялық инновациялар да талқыланды.

2024 жылдың 22 маусымында болған жеке аудиенцияда Рим Папасы Франциск былай деді: «Технологиялық инновация бағытына экономиканың, өркениет пен адамзаттың болашағы байланысты. Инновация орталығында адамның қадір-қасиеті тұруы үшін, ақылмен, жүрекпен, қолмен жаңаша ойлау мен әрекет ету мүмкіндігін жіберіп алмау керек», - [Vatican News](#) хабарлайды.

Шара барысында конференцияны ұйымдастырушылармен болған негізгі пікірталаста «АЛЛАТРА» халықаралық қоғамдық қозғалысының президенті Марина Овцынова бостандық пен демократияға қазіргі жаһандық қауіптер тақырыбына тоқталды. Овцынова ханым демократия индексі төмен бірнеше елдерде «АЛЛАТРА» мүшелерін заңсыз қудалауға қатысты жүргізіліп жатқан тергеуге тоқталды. Атап айтқанда, ол Ресейдің дінге қарсы ұйымының бастамасымен олардың қалай қаралау науқанына ұшырағанын сипаттады. Сонымен қатар, ол бұл жала жабу науқаны Ресейде ғана емес, сонымен қатар Украинада да жүргізілгенін атап өтті, бұл Украинадағы ресейлік дінге қарсы ұйымның айтарлықтай ықпалын көрсетеді.

Әңгіме барысында Марина Овцынова сонымен қатар демократиялық нормаларға қайшы

келетін антикульттық ұйымдардың сенімге және христиандықтың білдіретіні – діни сенім бостандығы мен ар-ождан бостандығына көлеңке түсіретіні туралы мәселе көтерді.

2024 жылғы 22 маусымдағы аудиенция барысында Марина Овцынова Рим Папасы Франциске Рим-католик шіркеуінің әлеуметтік интеграциясына және оның қазіргі зайырлы қоғамдағы рөлін нығайтуға жауапты және шешуші көшбасшы ретінде қосқан елеулі үлесі үшін шынайы алғысын білдірді. Ол сондай-ақ «АЛЛАТРА» үшін осы ерекше сәтте мейірімділігі, жылылығы және қолдауы үшін алғысын білдірді.

Maryna Ovtsynova

ALLATRA

info@allatra.org

This press release can be viewed online at: <https://www.einpresswire.com/article/724196033>

EIN Presswire's priority is source transparency. We do not allow opaque clients, and our editors try to be careful about weeding out false and misleading content. As a user, if you see something we have missed, please do bring it to our attention. Your help is welcome. EIN Presswire, Everyone's Internet News Presswire™, tries to define some of the boundaries that are reasonable in today's world. Please see our Editorial Guidelines for more information.

© 1995-2024 Newsmatics Inc. All Right Reserved.